

Ақмола облысының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 18 қыркүйектегі № А-10/398 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 қазанда № 6111 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына ай сайын ақшалай үлес төлеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 тамыздағы № А-7/378 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4355 болып тіркелген, "Арқа ажары" және "Ақмолинская правда" газеттерінде 2014 жылдың 7 қазанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А.Е.Мысырәлімоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының
әкімі*

М.Мырзалин

Ақмола облысы әкімдігінің

Ақмола облысының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтық төлемдерінің мөлшері мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 18.08.2021 № А-8/415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Спорттық жарыстың атауы	Жүлделі орын	Төлемдерінің мөлшері (АЕК)
Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	250
	2 орын	200
	3 орын	150
	4 орын	130
	5 орын	120
	6 орын	110
Әлем чемпионаты (жазғы, қысқы)	1 орын	150
	2 орын	120
	3 орын	110
Азия ойындары (жазғы, қысқы), (жабық жайдағы Азия ойындарын қоспағанда)	1 орын	120
	2 орын	110
	3 орын	100
Азия чемпионаты, Дүниежүзілік Универсиада (жазғы, қысқы), жабық жайдағы Азия ойындары	1 орын	80
	2 орын	70
	3 орын	60
Қазақстан Республикасының Спартакиадасы (жазғы, қысқы) және Қазақстан Республикасының Чемпионаты	1 орын	60
	2 орын	50
	3 орын	40
23 жасқа толмаған спортшылары арасындағы Әлем чемпионаты	1 орын	70
	2 орын	60
	3 орын	50
23 жасқа толмаған спортшылары арасындағы Азия чемпионаты	1 орын	60
23 жасқа толмаған спортшылары арасындағы Қазақстан Республикасының Чемпионаты	1 орын	50
	2 орын	40
	3 орын	30
	1 орын	70

Жасөспірімдер Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	2 орын	60
	3 орын	50
Жастар арасындағы Әлем чемпионаты (жазғы, қысқы)	1 орын	60
	2 орын	50
	3 орын	40
Жастар арасындағы Азия чемпионаты	1 орын	50
	2 орын	40
	3 орын	30
Қазақстан Республикасының Жастар спорт ойындары (жазғы, қысқы), жастар арасындағы Қазақстан Республикасының Чемпионаты	1 орын	40
	2 орын	30
	3 орын	20
Жасөспірімдер мен юниорлар арасындағы Әлем чемпионаты	1 орын	50
	2 орын	40
	3 орын	30
Паралимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	250
	2 орын	200
	3 орын	150
	4 орын	90
	5 орын	70
	6 орын	60
Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	250
	2 орын	200
	3 орын	150
	4 орын	90
	5 орын	70
	6 орын	60
Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша Әлем чемпионаты	1 орын	150
	2 орын	120
	3 орын	110
Азия Паралимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	120
	2 орын	110
	3 орын	100
Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша Азия чемпионаты	1 орын	80
	2 орын	70
	3 орын	60
Қазақстан Республикасының Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындары, Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	1 орын	60
	2 орын	50
	3 орын	40
Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлерінен ересектер арасындағы Әлем чемпионаты	1 орын	100
	2 орын	80
	3 орын	70
	1 орын	60

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары (ұлттық спорт түрлері бойынша)	2 орын	50
	3 орын	40
Ұлттық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Чемпионаты (ересектер)	1 орын	50

аббревиатураның толық жазылуы:

АЕК – айлық есептік көрсеткіш.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК